



Ералин Қуандық Ералыұлы .Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Куандық Ералыұлы 14.04.1950 ж. дүниеге келген. 1968 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз орта мектебін, 1973 Шымкент педагогика институтын бітірген, Москваның педагогика институтының аспирантурасында (1982-1985), докторантурасында (1998-1993) оқыған. Жусалыдағы 414 теміржол орыс мектебінде (1973-1975) мұғалім, Шымкент педагогика институтында (1975-1996), М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да (1996-2004), А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де(2004-2013) аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра менгерушісі, декан қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде ОҚМПУ профессоры қызметінде.

1986 жылы В.И.Ленин атындағы ММПИ педагогика ғылымдарының кандидаттығы ғылыми дәрежесін алуға диссертация, 1993 жылы Москва мемлекеттік педагогикалық университетінде педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған. 1986 жылы КССРО ЖАК (жоғары аттестациялық комиссия) шешімімен педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі, 1989 доцент ғылыми атағы, 1993 Ресей Федерациясы ЖАК шешімімен педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілген.1997 жылы Қазақстан Республикасы ЖАК шешімімен (нострификациялау) педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі, 1999 профессор атағы берілген.

1998 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ -да 13.00.02- мектепте, орта және жоғары оқу орнында бейнелеу өнерін оқыту мамандығы бойынша кандидаттық дәрежесін қорғаудың диссертациялық кеңесін ұйымдастырды, осы кеңестің төраға орынбасары, мүшесі, 2005-2010 жылдарда А.Ясауи атындағы ХҚТУ де докторлық кеңестің мүшесі болды. 1998-2010 жылдар арасында 17 ғылым кандидаты мен 4 педагогика ғылымдарының докторын дайындауда ғылыми жетекші, кеңесші міндеттерін атқарды. КССРО Білім министрлігі жанындағы бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқу әдістемелік кеңестің мүшесі болды. 345 ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген.

1988-1992 жылдары Москва педагогикалық институтының «Прометей» баспасынан болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлаудың өнертанымдық, көркем практикалық, әдістемелік мәселелері бойынша 4 монографиялық еңбегі жарыққа шықты. Түркияның Гази, Ақдениз университеттері SCOPUS базасына кіретін ғылыми журналынан мақалалары мен «Кілем өнері», «Қазақстан бейнелеу өнері» кітаптары жарық көрді. Даярланған ғалымдардың 2 Өзбекстанда, 1 Қарақалпақстанда, 1 Түркияда, 1 Грецияда қалғандары Қазақстанда қызмет етуде. Бейнелеу өнері оқулығының сапасын бағалау бойынша ҚР ғылым және білім министрілігінің эксперттік комиссиясының мүшесі. Бейнелеу және сызу мұғалімдері мен студенттеріне «Дизайн», «Сәндік өнер» мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға және докторантураға арнап жазылған негізгі оқылықтары: («Қазақстан бейнелеу өнері», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі», «Сызуды оқыту әдістемесі», «Композиция», «Сәндік өнер», «Арнаулы пәндерді оқыту әдістемесі», «Дизайн негіздері», «Мамандыққа кіріспе», «Бейнелеу өнер тарихы мен теориясы», «Өнертанымдық даярлық», «Әдістемелік даярлық», «Дизайн негіздері», «Этнодизайн», «Бейнелеу өнерін оқытудағы инновациялар», «Сәндік бейнелеу», «Реалистік бейнелеу», «Бейнелеу шығармаларын бағалау», «Абстракциялық бейнелеу») қазіргі кезде мектептер мен жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде қолданыста.

ҚР Ғылым және Білім министрілігінің Қазақстан Жоғары Оқу орнының үздігі грантының екі мәрте иегері (2008ж.,2015 ж), ҚР Ғылым және Білім министрінің мақтау грамотасымен (2020) марапатталған.Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1994), Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі (1997), Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері (2007) құрметті атақтары, Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесіне (1995) қабылданған. Ы.Алтынсарин медалімен (2010), Түркістан облысына сіңірген еңбегі үшін төс белгісімен (2021), Ұлағатты ұстаз төсбелгісімен (2020) марапатталған.

Жұбайы Матеева Теңгеш Шатайқызы Шымкент педагогикалық институтын бітірген, мектепте және А.Ясауи университетінде математика кафедрасында сабақ беріп, зейнеткерлікке шыққан.Үлкен қызы Айгүл Түркістандағы халықаралық туризм және меймандостық университетінде профессор, ғылым кандидаты, Назгүл атомпромда қызметте, Ғазиза Халықтар Достығы университетінде, ғылым кандидаты, Индира экономист, Серік бизнесте. Суретші педагог ғалым туралы қысқаша ақпараттар: «Оңтүстік Қазақстан», «Шымкент келбеті» газеттерінде, «Қазақстан Жоғары оқу орындарының ғалымдары», «Оңтүстік зиялылары», «Оңтүстік суретшілері» «Ырғыз» атты энциклопедияларда берілген, симпозиумдар мен конференциялар жинақтарында жарияланған, «уикипедия», «википедия», «көркемдік білім беру», «этнодизайн», «Қазақстан суретшілері», «Ералин Қуандық» атты пост (рубрикалар) бойынша интернет жүйесінде жарық көрген.